

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ – түрік университеті
2023-2024 оқу жылындағы
Стратегиялық даму және сапа комитетінің мәжілісінің
№1 хаттамасы

Түркістан қаласы

29 қыркүйек 2023 жыл

Онлайн режимінде, сағат 16:00

Қатысқандар: 21

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Комитет мүшелерін сайлау, комитеттің жылдық жоспарын қабылдау;
2. 2023-2024 оқу жылына Сапа бойынша мақсаттарын бекіту туралы;
3. ОПҚ және ғылыми қызметкерлер, кафедралар, факультеттер және ҒЗИ-ның индикативті жоспарлары туралы;
4. Университетте жүргізілетін ішкі және сыртқы бақылау аудиті туралы;
5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі стандартын оқу орнына ендіру жұмыстарын ұйымдастыру туралы;
6. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры Ошибаева Айнаш Есімбекқызы университеттің Стратегиялық даму және сапа комитетінің 2023-2024 оқу жылына арналған комитет мүшелерінің құрамы (қосымша тіркелді), комитетте қаралатын, атқарылатын жұмыстардың маңыздылығына тоқтала келе жұмыс жоспарының жобасымен таныстырды. Мәжіліске онлайн режимде қатысушы комитет мүшелері комитетте қаралатын мәселелері жөнінде қолдайтындарын білдірді. Онлайн дауыс беру нәтижесінде, ұсынылған комитет мүшелері құрамын сайлау және комитеттің 2023-2024 оқу жылы бойынша жұмыс жоспарының жобасын бекіту жөнінде шешім қабылданды.

Стратегиялық даму және сапа комитетінің 2023-2024 оқу жылына арналған
мәжілістер ЖОСПАРЫ

№	Қарастырылатын мәселелер	Жауапты тұлғалар
1-мәжіліс 2023 жыл, қыркүйек – қазан		
1.	Комитет мүшелерін сайлау, комитеттің жылдық жоспарын қабылдау	Стратегиялық даму және сапа комитетінің төрайымы, комитет мүшелері
2.	2023-2024 оқу жылына сапа бойынша мақсаттарын бекіту туралы	Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының басшысы
3.	ОПҚ және ғылыми қызметкерлер, кафедралар, факультеттер және ҒЗИ-ның индикативті жоспарлары туралы	Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының басшысы
4.	Университетте жүргізілетін ішкі және	Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс

	сыртқы бақылау аудиті туралы	бақылау және сапа орталығының басшысы
5.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі стандартын оқу орнына ендіру жұмыстарын ұйымдастыру туралы	Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры, Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының басшысы
6.	Әртүрлі мәселелер	
2-мәжіліс 2024 жыл, қаңтар-ақпан		
1.	Әлемдік рейтингтерге (QS, THE және т.б.) қатысу туралы	Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры, Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы
2.	Университеттің сапа саясатының жоспарын қарау (актуализациялау)	Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының басшысы
3.	Университет құрылымдарында 2023-2024 оқу жылының ішкі аудит нәтижелері туралы	Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының басшысы
4.	Сыртқы бақылау аудиті нәтижелері туралы	Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының басшысы
5.	Әртүрлі мәселелер	
3- мәжіліс 2024 жыл, маусым		
1.	Даму бағдарламасының оқу жылы бойынша орындалуы туралы	Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры, Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының басшысы
2.	Ішкі рейтинг нәтижелері туралы	Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры, Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының басшысы
3.	Сапа бойынша мақсаттарының орындалуының жылдық есебі туралы	Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры, Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының басшысы
4.	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаулар туралы	Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры, Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының басшысы
5.	Әртүрлі мәселелер	

Шешім: Стратегиялық даму және сапа комитетінің құрамы және 2023-2024 оқу жылы бойынша жұмыс жоспары қабылдансын.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев, 2023-2024 оқу жылына арналған университеттің Сапа бойынша мақсаттары жобасымен таныстырып өтті. Аталған университеттің Сапа бойынша мақсаттарының жобасы алдын ала танысу үшін комитет мүшелеріне таратылғанын ескерте келе, университеттің Стратегиялық даму жоспарына сәйкестілігін, мақсаттарды орындау бойынша міндеттер мен көрсеткіштердің әрқайсысының маңыздылығына тоқталып өтті. Комитет мүшелері ұсынылып отырған Сапа бойынша мақсаттарының жобасын бір ауыздан қолдайтындықтарын білдірді.

№	Мақсаттарды орындау бойынша міндеттер	Мақсаттардың орындалу көрсеткіштері
1.	Корпоративтік басқару мен бәсекеге қабілеттілікті тиімді жетілдіру.	- Стейкхолдерлермен бірлесіп консультативтік және сарапшылық кеңестер өткізу – 2 рет.
2.	Университеттің кадрлық әлеуетін күшейту.	- ОПК-ның ғылыми дәрежелігін арттыру - 50 %; - Түркиядан шақырылған оқытушыларының үлесі – 7 %.
3.	Білім беру үдерісінің сапасын арттыру.	- Қосдипломды білім беру бағдарламаларының саны – 6; - Әрбір оқу жылында білім беру бағдарламаларының пәндерін міндетті түрде түрік тілінде оқытуды қамтамасыз ету - 20%; - «Атамекен» ҰҚП ұлттық рейтингіндегі университеттің білім беру бағдарламаларының позицияларын жақсарту: +3.
4.	Болон процесінің қағидаттарын іске асыру.	- Бакалавриат контингентінен ішкі/сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша оқитын студенттер үлесі - 3 %; - Жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылардың сыртқы академиялық ұтқырлығы (контингенттің өсуін ескере отырып) – 4; - ОПК сыртқы / ішкі академиялық ұтқырлығы – 3 %; - Университетте тұрақты білім алатын шетелдік студенттер үлесі – 17 %.
5.	Оқуда инновацияны дамыту.	- Түрік жоғары оқу орындарының үздік оқулықтары мен оқу құралдарын қазақ тіліне аударуды ұйымдастыру – 20; - Оқулықтар мен оқу құралдарды дайындау – 120.
6.	Университеттің ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметін дамыту.	- Әлемдік рейтингтік ғылыми журналдардағы жарияланымдарының санын 157-ге жеткізу; - Отандық басылымдарда және жақын және алыс шетел басылымдарында монографиялардың жариялануы – 35; - ҚР БҒМ және басқа мекемелердің гранттық жобалары – 20.
7.	Ғылыми- инновациялық зерттеулердің нәтижелерін практикаға енгізу және коммерцияландыру	- Коммерцияландырылған жобалар саны – 7.
8.	Жастар саясаты және студенттердің бастамаларын дамыту.	- Әлеуметтік қорғалмаған және дарынды, белсенді жастарды қолдауға бағытталған қаржыландыру үлесі – 4 %; - Студенттерді, мүгедек студенттерді, жетім студенттерді, отбасылық студенттерді әлеуметтік қолдау жобалары – 7; - Спорт, өнер саласындағы жүлдегерлер саны: халықаралық деңгейде – 32, республикалық деңгейде – 150.
9.	Университет кампусын ұлғайту және инфрақұрылымды дамыту.	- 1500 орындық жатақхана құрылысы – 1; - Жөндеуден өткен ғимараттар мен құрылыстардың саны – 2; - Университет аумағын абаттандыру және көгалдандыру – 20 %; - Жатақханамен қамтамасыз етілген студенттердің үлесі - 80 %.
10.	Материалдық техникалық және оқу-зертханалық базаны жетілдіру және цифрлық трансформация	- Материалдық-техникалық және оқу-зертханалық базаны жаңарту – 30 %; - Кітапхана қорларын жылдық жаңарту үлесі – 3 %; - Компьютерлік және ұйымдастыру техникасын жылдық жаңарту үлесі – 60 %.

Шешім: Университеттің 2023-2024 оқу жылына арналған Сапа бойынша мақсаттары бекітуге ұсынылсын. Жауапты: Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығы. Мерзімі: 2023 ж. 10 қазанға дейін.

3. Күн тәртібіндегі кезекті мәселе 2023-2024 оқу жылына оқытушы-профессорлар мен ғылыми қызметкерлер, кафедралар, факультеттер, ғылыми-зерттеу институттарының индикативті жоспарлары (қосымша тіркелді) көрсеткіштері туралы Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев баяндап өтті. Ол индикативті жоспарлау көрсеткіштері Стратегиялық даму жоспарының мақсаттарын орындауға бағытталған индикаторларға негізделгенін атап өтті. Ж.Дарибаев оқытушы-профессорлар мен ғылыми қызметкерлер, кафедралар, факультеттер мен ғылыми-зерттеу институттарының индикативті жоспарлары үлгісі құрылымдарға және комитет мүшелеріне алдын ала жіберілгенін, аталған үлгі өткен оқу жылы сала бойынша департамент директорларымен бірнеше рет талқыланып, ағымдағы жылы аталған үлгі бойынша әзірленгенін айта отырып, ұсыныстары мен пікірлерін білдіруді сұрады. Сонымен бірге, факультеттер мен ғылыми-зерттеу институттарының индикативті жоспар көрсеткіштері негізінде университеттің индикативті жоспары әзірленетіні жөнінде айтып, жоспар жобасын таныстырып өтті. Онлайн дауыс беру нәтижесінде, комитет мүшелері индикативті жоспар көрсеткіштерін бірауыздан қолдайтындықтарын білдірді.

Шешім: Ахмет Ясауи университетінің 2023-2024 жж. индикативті жоспары бекітілсін.

4. Күн тәртібіндегі төртінші мәселе ISO 9001:2015 Халықаралық стандартының 9.2 бабына сәйкес университетте жүргізілетін ішкі аудиті бойынша Ж.Дарибаев университет ректорының 26.09.2023ж. күнгі №181 бұйрығымен университеттің барлық құрылымдық бөлімдерінде ішкі аудит жүргізілетінін хабардар етіп, аудиторлар құрамы және аудит бағдарламаларымен қысқаша таныстырып өтті. Сонымен қатар, бұйрық бойынша ішкі аудит 3 кезеңмен жүргізілетіндігін, 02.10-05.10.2023ж. аралығында факультет деканаттары мен кафедраларына, академиялық емес барлық құрылымдық бөлімдерде 09.10-13.10.2023 аралығында, 16.10-18.10.2023ж. күндері университеттің «Клиника-диагностикалық орталығында» өтетіндігі туралы айтылды. Сондай-ақ, 2023 жылдың 26-27 қазан күндері университетімізде Халықаралық ISO 9001:2015 стандартының талаптарына сәйкес, IQNet Халықаралық сертификаттар жүйесінің партнері Түркия стандарттар институты тарапынан сыртқы бақылау аудиті жоспарлануына байланысты жүргізіліп жатқан ұйымдастыру шараларымен қысқаша таныстырып өтті. Сөз соңында сыртқы бақылау аудиті барысында оқу ғимараттары мен жатақханалардың тазалығы, құрылымдық бөлімге тексеруге барған аудиторларға қажетті мәліметтерді түсінікті, ауқымды түрде жеткізуге және СМЖ талаптарына сәйкес аудиторға ұсынылатын дәлелді құжаттарды қамтамасыз етуге шақырды. Ішкі және сыртқы бақылау аудиттерінің нәтижелері келесі комитет отырысында талқыланатыны ескерілді.

Шешім: Университетте жүргізілетін ішкі және сыртқы бақылау аудиті туралы мәліметтер назарға алынсын.

5. Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша Ж.Дарибаев ағымдағы оқу жылы университетімізге Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Халықаралық стандарт талаптарын ендіру жұмыстары ұйымдастырылып жатқандығын айтты. Сонымен қатар, ISO 37001:2016 (ҚР СТ 3049-2017) стандарт талаптарын игеру бойынша оқыту курсы ұйымдастыру керектігін, аудиторлық топ жасақтау үшін әр факультеттен, Академиялық, Ғылым, Жастар саясаты, Шаруашылық департаменттерінен комплаенс бақылауға жауапты тұлғаның аты-жөнін ұсынуды сұранып хат жолданғанын тілге тиек етті. Сондай-ақ, осы оқу жылы департамент директорлары мен барлық құрылымдық бөлім басшыларына Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Халықаралық стандарт талаптарына қатысты семинар ұйымдастырылып, семинар соңында тақырыпқа сәйкес тестілеу жүргізілетінін мәлімдеді.

Шешім: Университетімізге Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Халықаралық ISO 37001:2016 (ҚР СТ 3049-2017) стандарт талаптарын ендіру туралы мәліметтер назарға алынсын.

6. Әр түрлі мәселелер:

6.1 Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелер бойынша 2023-2024 оқу жылындағы қауіп-қатерлер мен тәуекелдер Реестрі (Қосымша тіркелді) туралы Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев таныстырды. Ол «Тәуекелдер мен қауіп қатерлер реестрін» жаңалау үшін сараптама жүргізіліп, кейбір тәуекелдер қайта қарастырылғанын, қазіргі әлемде болып жатқан жағдайларға байланысты жаңа тәуекелдер мен қауіп-қатерлер анықталғанын айтты. Онлайн дауыс беру нәтижесінде, комитет мүшелері университеттің жаңадан әзірленген «Тәуекелдер мен қауіп қатерлер реестрін» және қауіп-қатерлер мен тәуекелдерің алдын алу жоспарын бірауыздан қолдайтындықтарын білдірді

Шешім: «Тәуекелдер мен қауіп қатерлер реестрі» және қауіп-қатерлер мен тәуекелдерің алдын алу жоспары бекітуге ұсынылсын, университет сайтына орналастырылсын. Жауапты: Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығы. Мерзімі: 29.09.2023ж.

Стратегиялық даму және
сапа комитетінің төрайымы



А. Ошибаева

Хатшы



А.Бакирова

